

«Жәдігер» кітапханалық өлкетану клубының ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. «Жәдігер» кітапханалық өлкетану клубы (одан әрі – Клуб) «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ базасында құрылып, жұмыс істейді.

1.2. Клуб өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алып, ақпараттық-ағартушылық бірлестік болып табылады.

1.3. Клуб заңды тұлға болып саналмайды.

1.4. Клубтың жұмысы қолжетімділік және еріктілік қағидаларына негізделеді.

1.5. Өлкетану білімінің деңгейін арттыруды қалайтын, өз өлкесінің тарихы мен мәдениетіне қызығушылық білдіретін бастауыш, орта және жоғары мектеп жасындағы балалар клубтың мүшесі болып табылады.

1.6. Клуб Қарағанды қаласының жалпы орта білім беру мектептерімен және гимназияларымен, «Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві» КМҚК, «Облыстық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ «Археология музейі», «Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі» КМҚК, «Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігі» КМҚК ынтымақтастықта жұмыс істейді.

1.7. Клубтың «Тарих бізбен аяқталмайды» басты тақырыбы, эмблемасы, «Біздің ұлы болашағымыз туралы армандай отырып, біздің тарихи өткеніміз туралы ұмытпау керек» ұраны бар.

1.8. Клубтың бар қызметі оқудан бос уақытта жүзеге асырылады.

2. КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Патриотизмді, азаматтылықты, өзінің шағын Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру және тәрбиелеу.

2.1. Балалармен Қарағандының және Қарағанды облысының тарихын, өнерін, әдебиетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, оның аумағында тұратын халықты зерттеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

2.3. Өлкетану білімдерін ілгері бастыру, өлкетану әдебиетінің қорын кеңінен танымал ету.

2.4. Клубтың негізгі міндеттері:

- мәдени-тарихи мұраны және Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін сақтау және ұлғайту;
- өлкетану білімдерін алу;
- тақырыптық кештер, қызықты адамдармен кездесулер ұйымдастыру және өткізу.

3. КЛУБТЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Клубтың жұмысына қатысатындар, оның Ережесін мойындап, орындайтындар және қалайтындардың барлығы Клубқа қабылданады.

3.2. Клубта кездесу екі айда бір рет өткізіледі (жазғы уақытта кездесулер өткізілмейді).

3.3. Бес адамнан тұратын Кеңес клуб мүшелері арасынан сайланады.

3.4. Кеңес бір жыл мерзіміне сайланады.

3.5. Жұмыс жоспарын жасау және бекіту, жоспарланған іс-шараларды жүйелі түрде орындау, Клубтың барлық құжаттамасын жүргізу және сақтау, клуб мүшелерін отырыстарға уақытында шақыру кеңестің міндеттеріне жатады.

3.6. Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің басшысы Кучаева Елена Олеговна Клубтың басшысы болып табылады.